

Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтауын тексеру және талдау жолымен жүзеге асырылады" (ҚР БК 135-бабы) [4].

Кесте 1

Мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы бірінші жоспарының нысандары

№	Нысандары
1	Инновацияларды қолдау үшін мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудың дәстүрлі түсінігіндегі қаржылық бақылау және тиімділік аудиті (шығыстардың нәтижелілігі тұрғысынан бақылау)
2	Нормативтік актілер жобаларының сыбайлас жемқорлығын бақылау
3	Инновациялық және шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың нақты шараларын іске асыру макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізудің стратегиялық аудиті
4	Ірі жобаларды, оның ішінде мемлекеттік корпорациялар арқылы жүзеге асырылатын жобаларды іске асырудың стратегиялық аудиті
5	Мемлекеттік меншік саласына жататын зияткерлік қызмет өнімдерінің есебін, құқықтарын бекітуді және пайдаланылуын бақылау

Қорыта келгенде, мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігі экономика тұрақтылығының, экономикалық өсудің қажетті қарқынын және қоғамдық әл-ауқат деңгейін қамтамасыз етудің, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мүдделерін сақтаудың кепілі болып табылады. Мұның бәрі, сөзсіз, экономиканың отандық мемлекеттік секторының нәтижеге бағдарланған бюджеттеу жүйесіне көшуі үшін объективті негіз болып табылады, оны мемлекеттік бақылау жүйесінде барабар өзгерістерсіз жүзеге асыру мүмкін емес, атап айтқанда мемлекеттік қаражатты басқарудың нәтижелілігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін тиімділік аудитін енгізу.

Әдебиеттер:

1. Дюсембаев К.Ш. "Аудит теориясы", оқулық - Алматы: Экономика, 1995.
2. Абленов Д.О. Кәсіби аудит: оқу құралы. — Алматы: Экономика, 2008..
3. Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.Н., Дюсембаева З.К. "Аудит и анализ финансовой отчетности", 1998ж.
4. "Қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 қарашадағы Заңы.

Әбеуова И.С., 3 курс (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.м, аға оқытушы Садуақасова М.Б.

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР АМОРТИЗАЦИЯСЫ ЕСЕБІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫНЫҢ АУДИТІ

Кез келген елдің әлеуметтік байлығы оның материалдық-техникалық базасының жағдайымен анықталады. Негізгі құралдар объектілерінің құны амортизацияны есептеу жолымен өтеледі.

Амортизацияны есептеу аудиті кезінде негізгі құралдар объектісін қабылдау-беру туралы актілерді, негізгі құралдар объектісін есепке алудың түгендеу карточкаларын және негізгі құралдар объектілерінің амортизациясын есепке алу ведомостарын тексеру арқылы жүзеге асырылады. Аудитор негізгі құралдардың болуын, олардың бастапқы құнын, қызмет ету мерзімін және амортизацияның қолданыстағы нормаларына сәйкес амортизацияны есептеу тәртібін белгілейді[1].

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеудің дұрыстығы іріктеу негізінде арифметикалық қайта есептеу жолымен тексеріледі. Аудитор ұйымның негізгі құралдардарының амортизациясының кезең басынан кезеңнің соңына дейін дәйекті түрде жүргізілетіндігіне көз жеткізу мақсатында есеп саясатына талдау жасайды. Аудитор сондай-ақ негізгі құралдарды пайдалы пайдалану мерзімін анықтаудың дұрыстығын анықтауға міндетті. Өйткені негізгі құралдар объектілерін белгілі бір амортизациялық топқа жатқызудың дұрыстығы осыған байланысты. Егер кәсіпорын белгіленген мерзімді қайта қарастыратын болса, ұйымның басшысы осы қайта қарастыруды растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Негізгі құралдарды қызмет ету мерзімін қайта қарастыру мүмкін, мысалы, мамандандырылған кен орнын өндіруші кәсіпорындарда болжамды мерзіміне байланысты болатын негізгі құралдардың қызмет етуі бойынша жүргізіледі. Кен орнын өңдеу мерзімі өзгерген кезде кәсіпорын тиісті негізгі құралдардың қызмет ету мерзімі мен амортизацияны есептеу нормаларына

кажетті өзгерістер жасауы тиіс. Аудитор амортизацияның уақытылы есептелуін тексеруге міндетті. Негізгі құралдардың объектілері бойынша амортизацияны есептеу оларды пайдалануға берілген айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен басталады және олар шыққан айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап тоқтатылады. Бухгалтерлік есепте амортизациялық аударымдар олар жататын есепті кезеңде көрсетіледі және есепті кезеңдегі ұйым қызметінің нәтижелеріне қарамастан есептеледі[2].

Бухгалтерлік есепте амортизацияны есептеу мақсатында келесі әдістер қолданылады:

-түзу сызықтық;

-қалдықты азайту;

-өнімді (жұмысты) көлеміне тепе-тең құны бойынша есептен шығару[3].

Негізгі құралдардың біртекті объектілерінің тобы бойынша амортизацияны есептеу тәсілдерінің бірін пайдалану осы топқа кіретін объектілерді пайдалы пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

Аудитор объектіні пайдалы пайдалану мерзімін ескере отырып, амортизациялық аударымдардың жылдық сомасының есебін бақылайды. Есепті жыл ішінде негізгі құралдар объектілері бойынша амортизация қолданылатын есептеу тәсіліне қарамастан ай сайын жылдық сома х/пмөлшерінде есептеледі [4].

Кесте 1

Негізгі құралдар амортизациясы есебінің дұрыстығын тексеру Ішкі аудит жоспарлық үлгісі

№	Жүргізілетін жұмыстардың түрлері	Аудит әдістері
1	Негізгі құралдардың амортизациясының дұрыстығының аудиті	Қайта есептеу, іріктеп бақылау
2	Есептік саясатта қарастырылған әдістердің қолданылуын анықтау	Құжаттық тексеріс, бақылау
3	Негізгі құралдардың амортизациясының аудиті бойынша қорытынды есеп беру	Қорытындылау, талдау

Қорыта келгенде, негізгі құралдар амортизациясы есебінің дұрыстығының аудитінің негізгі мақсаты болып, негізгі құралдар есебінің құрамын қалыптастырудың дұрыстығын, толықтығы мен нақтылығын және олардың құнының амортизациясының дұрыстығының тексерісі есептеледі. Негізгі құралдар амортизациясы есебінің дұрыстығының аудитін жүргізе отырып, аудитор өнеркәсіптік-өндірістік құралдарға жатпайтын негізгі құралдар (мысалы, мәдениет объектілері) бойынша амортизацияның есептелуіне, ол өнімнің өзіндік құнына енгізілмеуіне ерекше назар аударуы тиіс. Себебі, негізгі құралдар амортизациясы есебінің дұрыстығының аудиті басшылықтың сыртқы аудиторлар кеңестері арқылы қабылданған шешімді түсіну жолымен немесе ішкі аудитті жүргізу арқылы салмақты басқару шешімдерін қабылдауы үшін қажет деп айтуға болады. Сол себептен де, мекемелерде жүргізілетін тәсілдер аясында негізгі құралдардың амортизациясын есепке алуы қызмет ету мерзімі көрсетілген соң қарастырылады және қаржылық мүмкіндіктерге байланысты негізгі құралдардың жөндеуін көрсетуге қатысты есеп саясатын рәсімдеу бойынша ұсынымдар беріледі.

Әдебиеттер:

1. "ҚР Аудиторлық қызмет туралы Заңы" ҚР 20.02.09 жыл..
2. Абленов Д. О. Аудит: теория және практика, Алматы, 2005 жыл.
3. Дюсембаев К. Ш., Егембердиева С. Н., Дюсембаева З. К. "Негізгі құралдар есептілігінің аудиті", 2008 жыл.
4. Ержанов М. С. "Аудит" , Алматы, 2007 жыл.